

## Директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерді аукциондарда сату тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 мамыр N 653. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерді аукциондарда сату тәртібін бірегейлендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерді аукциондарда сату тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса б е р і л і п о т ы р ) .

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің берешектерін сату жөніндегі уәкілді орган - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру ж ө н і н д е г і а г е н т т і к :

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерді аукциондарда сату тәртібі туралы ережеге сәйкес 1996 жылдың 10 маусымына дейінгі мерзімде Қазақстан Банкаралық валюта-қор биржасына аукциондарда сату үшін директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерді б е р е т і н б о л с ы н ;

директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектер Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасының үш аукционында немесе берілген күннен 6 ай өткенше сатылмаған жағдайда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оларды өтеу жөнінде басқа шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасына:

директивтік кредиттер және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеу нәтижесі бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерді сату жөнінде 1996 жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде бірінші аукцион, кейін ай сайын аукцион





б е р е д і ;

аукциондардың ұйымдастырылуы мен өткізілу барысына бақылау жасауды жүзеге асырады ;

аукциондарда Берешектерді сатуға Сатушымен шарт жасасады, онда :

саудаластыққа қойылатын Берешектердің тізбесі;

Берешектерді сатудың шекті мерзімі;

әрбір берешектің бастапқы және ең төменгі бағасы;

аукциондар өткізу мен берешектерді сату және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, аукцион Қатысушыларымен және жеңімпаздармен есеп айырысу барысы туралы Сатушының есеп беруінің мерзімділігі мен нысаны;

Сатушы алатын сыйақының мөлшері мен шарты және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен есеп айырысудың тәртібі болуға тиісті.

### САТУШЫ

7. Сатушы Берешекті сатуды осы Ережеде айқындалған тәртіппен жүзеге асырады .

8. Сатушының ерекше функциялары:

аукционға қойылатын Берешектер тізбесін айқындау;

жекешелеген аукциондар бойынша Берешектерді бөлу және оларды өткізу мерзімін белгілеу ;

Лоттың бастапқы және ең төменгі бағаларын айқындау;

кепілдік жарналарды қабылдау;

Саудаластықтағы Жеңімпазбен сатып алу-сату шарттарын жасау және олардың орындалуын бақылау ;

Қатысушылармен және Сатып алушылармен есеп айырысуды жүзеге асыру болып табылады .

9. Сатушы аукционды дербес ұйымдастырады және өткізеді. Сатушының осы Ереженің 8-тармағында саналмаған функцияларды шарт бойынша басқаға беруге құқығы жоқ .

10. Сатушы сыйақысының мөлшері Сатып алушы осы Ереженің 19-21-тармақтарына сәйкес алдын ала төлем жасаған әрбір лотты сату бағасының бес процентінен аспауға тиіс.

### АУКЦИОН ҚАТЫСУШЫСЫ

11. Осы Ереженің 30-33-тармақтарымен айқындалған тәртіппен тіркеуден өткен заңды тұлғалар, соның ішінде шетелдік заңды тұлғалар аукционға қатысуға жіберіледі .

12. Өздерінің Берешектері бар шаруашылық жүргізуші субъектілер; сатып алу-сату шарттарын жасау мен атқару жөніндегі тиісті міндеттемелерін

орындамаған алдыңғы саудаластықтың жеңімпаздары;  
жарғылық қорда 20 проценттен астам мемлекеттік меншік үлесі бар шаруашылық серіктестіктері аукцион қатысушылары бола алмайды.

13. Кіру билетінің ақысын төлеген тілек білдірушілердің барлығы аукционға қатысуға құқығы бар. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері кіру билетіне ақы төлеуден босатылады.

#### АУКЦИОН ӨТКІЗУГЕ ДАЯРЛЫҚ

14. Аукцион өткізуге даярлық мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

#### Л о т т а р к ұ р ы л а д ы :

Лоттардың Бастапқы және Ең төменгі бағалары айқындалады;  
Лоттың әрқайсысын сатудың әдісі айқындалады;  
Лоттар жекелеген аукциондар бойынша бөлінеді;  
кепілдік жарнасын енгізудің мөлшері мен тәртібі айқындалады;  
аукциондар өткізудің мерзімдері белгіленеді;  
қажет болған жағдайда Берешектерді сату жөнінде аукцион ұйымдастырып,  
өткізуге шарт жасасу құқығы үшін тендер өткізіледі;  
сатудың анықтамалық басылымдары, ақпарат бюллетеньдері аукциондық карталары мен кестелері жасалады;  
аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламалар жарияланады және басқа жарнамалық қызметтер жүзеге асырылады;  
кепілдік жарналар қабылданады;

Қатысушыларды тіркеу жүргізіледі.

#### ЛОТТАРДЫҢ БАСТАПҚЫ ЖӘНЕ ЕҢ ТӨМЕНГІ БАҒАЛАРЫ

15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулысымен құрылған комиссия қажеттігіне қарай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның Өкілетті органының, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің міндетті болуымен Берешектің нарық конъюнктурасының қалыптасуын және Қарыздар активтерінің нарықтық құнын бағалауды ескере отырып, саудаластыққа қойылатын әрбір Берешектің ең төменгі баға деңгейін айқындайды.

Бұл ретте, Берешек ең төменгі баға - негізгі қарыз мөлшерінің 5 процентінен кем с а т ы л а а л м а й д ы .

16. Берешектерді Саудаластықтың голландық әдісі бойынша сату кезінде бастапқы баға кредит берілген шарттың жағдайына сай есептелген проценттер мен айыппұл өсімдері есептелген негізгі қарызға - Берешектің көрсетілген с о м а с ы н а т е ң б о л у ғ а т и і с .

Берешекті Саудаластықтың ағылшындық әдісі бойынша сату кезінде бастапқы баға Комиссияның осы Ереженің 15-ші тармағына сай белгілеген ең төменгі Берешек бағасына тең.

17. Сатушы Берешекті үш аукционда өткізбеген жағдайда, ол заңға сәйкес өтеу жөнінде басқа шаралар қабылдау үшін жоғарыда аталған Комиссияның шешімі бойынша Өкілетті органға қайтарылады.

#### КЕПІЛДІК ЖАРНАСЫ

18. Кепілдік жарнасы Қатысушының мынадай міндеттемелерін: саудаластықта жеңіске жеткен жағдайда, оның нәтижелері туралы хаттамаға қ о л қ о ю ы н ;

саудаластық нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес сатып алу-сату шартының ж а с а л у ы н ;

сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауын қамтамасыз ету болып табылады.

19. Аукционға қатысудың Кепілдік жарнасы аукционға қойылатын барлық Берешектер (Лоттар) үшін бірдей мөлшерде белгіленеді және мына әдістеме б о й ы н ш а е с е п т е л е д і :

а) әрбір Лот бойынша:

саудаластықтың ағылшындық әдісі кезінде - Лоттың бастапқы бағасынан; саудаластықтың голландық әдісі кезінде - Лоттың ең төменгі бағасынан 10 проценттен белгіленеді;

б) "а" - тармақтағы алынған шаманың орташа арифметикалық шамасы а й қ ы н д а л а д ы ;

в) аукционға қойылатын Лоттардың ішінен Лоттың мейлінше аз Бастапқы немесе ең төменгі бағасы айқындалады;

г) кепілдік жарнаның мөлшері "б" және "в" тармақтарында алынған шамалардың ішінен мейлінше азына теңестіріле қабылданады.

20. Қатысушылар кепілдік жарнаның кез-келген санын енгізуге құқылы, бұл ретте кепілдік жарна бір лот сатып алу құқығын береді.

21. Кепілдік жарна ақпараттық хабарлама белгіленген нысанда және тәртіппен енгізіледі. Кепілдік жарнаның мөлшері ақпарат хабарламасы жарияланғаннан кейін өзгертіле алмайды. Кепілдік жарна ақпарат хабарламасын жарияланған Қатысушының атынан енгізіле алмайды. Кепілдік жарна кез-келген басқа жеке немесе заңды тұлға Қатысушысының атынан енгізілуі мүмкін. Кепілдік жарнаны алушы Сатушы болып табылады.

22. Саудаластықта жеңіске жеткен және сатып алу-сату шартын жасасқан Қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдердің есебіне жатқызылады.

23. Кепілдік жарнаны Сатушы мына жағдайларда қайтармайды: аукцион өткізілерден кем дегенде үш күн бұрын оған қатысудан бас т а р т қ а н д а ;

Жеңімпаз саудаластық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан немесе

сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқанда;  
сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе орындауға тиісті емес жағдайда;

Қатысушының осы Ереженің және Қазақстан Республикасы заңдарының қойған талаптарына сәйкес келмейтіндігі белгілі болғанда.

Кепілдік жарналар қалған барлық жағдайларда, аукцион аяқталған күннен бастап 5 банктік күннен аспайтын мерзімде, ал егер ақша аукционнан кейін Сатушының есебіне түссе, онда ол түскен күннен бастап 5 банктік күн ішінде қайтарылады.

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ЖАРНАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

24. Аукцион өткізу туралы ақпарат хабарламасы аукцион өткізілерден кем дегенде 15 күн бұрын:

а) барлық жағдайларда, қазақ және орыс тілдерінде республикалық ресми баспасөзде;

б) егер шаруашылық жүргізуші субъект осы облыста (соның ішінде Алматы облысында) орналасқан немесе аукцион оның аумағында өткізілетін болса облыстық баспасөзде жариялануға тиіс.

25. Ақпарат хабарламасының көлемі 200 шаршы см-ден кем болмауға тиіс.

26. Ақпараттық хабарламада:

аукционның өткізілу мерзімі, орыны және уақыты;

Берешек сатуға қойылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы, негізгі қызметінің бағыты және мекен-жайы;

қойылатын Лоттардың мөлшері;

әрбір лотты сату кезіндегі саудаластықты өткізу әдісі;  
сатуға қойылатын лоттардың бастапқы және ең төменгі бағалары;  
кепілдік жарнаның мөлшері және алушының есеп айырысу шоты;

тапсырыс қабылдаудың орыны және мерзімдері;  
сатып алудың анықтамалық басылымдарын, ақпараттық бюллетень,  
аукцион өткізудің ережелерін алуға болатын телефондар және мекен-жайлар;  
Сатушының шешімі бойынша басқа да қосымша ақпарат болуға тиіс.

27. Ақпарат хабарламасы жарияланғанға дейін әрбір Берешек бойынша:

а) шаруашылық жүргізуші субъектінің Берешек және қаржы-экономикалық жай-күйін бағалау үшін сатып алушыға қажетті Берешек және шаруашылық жүргізуші субъект туралы ақпараттан тұратын сатудың анықтамалық басылымы;

Өкілетті органнан Сатушыға Берешекті қабылдау-өткізудің актісі;

Кредит беруші-банктің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Берешекке билік ету құқығына берген сенімхаты;

Берешекті Өкілетті орган арқылы сату туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Кредит беруші-банк арасындағы к е л і с і м ;

директивтік кредит және өзара қарызды ішкіреспубликалық есептеудің нәтижелері бойынша берілген кредит бойынша алғандағы к р е д и т т і к к е л і с і м ;

осы кредиттерге қатысы бар кепілдік және басқа хаттар;  
анықтамалар - есеп айырысулар;  
жауапкерге қойылатын талаптар;  
талаптың жөнелтілгендігі туралы түбіршек;  
шағым арыз көшірмесінің жауапкерге жөнелтілгендігі туралы қ у а т т а у ;

х а б а р л а м а н ы ң к ө ш і р м е с і ;

Сатушы шаруашылық жүргізуші субъектінің Берешегін аукционға қою туралы шешім қабылдайтын күнге дейінгі соңғы есеп беру кезіндегі қосымшасымен бухгалтерлік баланс даярлауға тиіс.

Сондай-ақ сатудың анықтамалық басылымына мынадай басқа да қосымша мәліметтер қ о с ы л у ы м ү м к і н ;

б) ақпараттық бюллетеньге ақпарат хабарламасындағы барлық негізгі деректер мен Берешек және шаруашылық жүргізуші субъект туралы басқа да қосымша ақпарат кіреді. Бюллетень Сатушы белгілеген жіберуге міндетті тізімге сәйкес ақпараттық хабар жарияланғанға дейін таратылады;

в) аукционға қойылатын Лоттардың сипаттамасы - егжей-тегжейлі жазылған тізімнен тұратын аукциондық карта, ол тіркеу сәтінде әрбір Қатысушыға беріледі .

28. Ақпараттық хабар жарияланғаннан кейін Сатушы Берешегі сатуға қойылған шаруашылық жүргізуші субъект және аукцион өткізу ережелері туралы ақпаратты алуға ықылас білдіргендердің бәрінің еркін қолдары жетуін қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т і .

29. Жарнаманың басқа түрлері еркін нысанда жасалады және Қатысушыларды мейлінше кеңінен тартуға бағытталуға тиіс.

#### ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

30. Аукцион Қатысушыларын тіркеу ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталардан бір сағат бұрын аяқталады.

31. Аукцион Қатысушысы ретінде тіркеу үшін мыналарды ұсыну қажет;  
аукционға қатысуға тапсырыс;  
кепілдік жарна енгізілгенін қуаттайтын төлем құжатының түпнұсқасы мен к ө ш і р м е с і ;

өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат.



Заңды тұлғалар жарғының нотариалдық куәландырылған көшірмесі мен заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлікті, сондай-ақ облыстық қаржы басқармасынан алған Берешегінің жоқтығы туралы анықтаманы қосымша ұ с ы н а д ы .

## 3 2 . С а т у ш ы н ы ң :

аукционға қойылған лоттардың ішінен қайсібірін сатып алу ниеті туралы Қатысушыдан ақпар талап етуге;

саудаластықты даярлау мен оны өткізудің барлық кезеңі ішінде саудаластық қатысушыларына қатысты ақпаратты жариялауға;

осы Ереженің 30-тармағында саналмағаннан басқа, Қатысушы ретінде тіркелу үшін қосымша құжаттар тапсыруды талап етуге құқығы жоқ.

33. Тіркеуден өткен адам Қатысушының билетін алады, ол аукцион болатын күні аукциондық номерге ауыстырады. Саудаластық барысында басқа адамның аукциондық номерді пайдалануына тыйым салынады.

## АУКЦИОН ӨТКІЗУ

34. Аукционды Аукционшы өткізеді. Аукцион оны өткізу ережесін хабарлаудан басталады. Қатысушылар және келген адамдар аукцион барысына ықпал етуге немесе оны өткізу ережесін бұзуға құқықтары жоқ, керісінше, олар аукцион өткізетін залдан шығарылып жіберілуі мүмкін.

Лоттардың саудаластыққа қойылуының дәйектілігі туралы шешімді аукционшы қабылдайды. Бұл тәртіп аукциондық картада белгіленген тәртіпке с ә й к е с к е л м е у і м ү м к і н .

35. Әрбір Лот бойынша саудаластық аукционшы сату объектісін, оның қысқаша сипаттамасын, саудаластық өткізу әдісін, бастапқы баға мен бағаның өзгерту қадамын хабарлауынан басталады. Аукционшы бұл туралы хабарлай отырып, саудаластық барысында баға қадамын өзгертуге құқылы. Өзгерту қадамы лоттың ағымдағы бағасының бестен он процентке дейінгі шегінде б е л г і л е н е д і .

36. Саудаластық төменде баяндалған екі әдістің бірі бойынша өткізіледі.

## 37. Саудаластықтың ағылшындық әдісі:

Аукционшы Лоттың бастапқы бағасын және бағаның өсу қадамын хабарлайды. Саудаластыққа Қатысушылар номерді көтерумен бастапқы бағаны хабарланған қадамнан кем болмайтындай етіп арттырады. Аукционшы Лот бойынша саудаластыққа қатысушылардың аукциондық номерін хабарлайды, бағаны бекітіп, оны арттыруды ұсынады. Лот бойынша саудаластық ұсынылған ең жоғары бағаға дейін жүреді. Лотқа неғұрлым жоғары баға ұсынған Қатысушы Аукционшы болып жарияланады. Аукционшы лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген номерлер болмаса, балғаның соққысымен осы Лоттың сатылғандығы туралы хабарлайды.

Егер Лот бойынша саудаластыққа қатысушылардың саны екеуден кем болмаған жағдайында ғана Лот бойынша саудаластық өткен болып есептеледі.

### 38. Саудаластықтың голландық әдісі:

Аукционшы Лоттың бастапқы бағасын хабарлайды және жаңа бағаны хабарлай отырып, оның айтылған қадамын төмендетіп отырады, аукционшы баға хабарлаған кезде аукциондық номерді бірінші көтерген Қатысушының номерін атайды және балғаның соққысымен оны осы Лот бойынша Жеңімпаз деп хабарлайды. Егер Аукционшы Лоттың ең төменгі бағасын хабарлаған кезде бірде-бір Қатысушы осы Лотты сатып алуға тілек білдірмесе, онда Лот саудаластықтан алынады.

Егер бір мезгілде екі немесе одан да көп номер көтерілсе, қайсысының бірінші болып көтергені туралы Аукционшы шешім қабылдайды және Қатысушылардың оған дау айтуға құқығы жоқ. Ерекше жағдайларда ғана Аукционшының жеребе тастау ресіміне жүгінуге құқығы бар.

Саудаластықтың бұл әдісі электрондық жүйені пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

39. Сатылған әрбір Лот бойынша саудаластық нәтижелері әрбір Лот бойынша саудаластық аяқталған соң Аукционшы мен Жеңімпаздың саудаластық нәтижелері туралы хаттамасымен ресімделеді. Аукционшы хаттамаға қол қою үшін үзіліс жариялауға құқылы. Хаттама екі данада жасалады да, Сатушы мен Сатып алушыға бір-бір данадан беріледі.

40. Саудаластық нәтижелері туралы хаттама саудаластық нәтижелері және Жеңімпаз бен Сатушының Берешекті сату бағасы бойынша сатып алу шартын жасаудағы міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады. Жеңімпаздың хаттамаға қол қойылған күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде сатып алу-сату шартын жасауға құқығы бар, ол мерзім өтісімен құқықтың күші жойылады.

41. Егер Лот аукционда сатылмаған жағдайда, ол осы Ереженің 4-тармағында баяндалған процедураға сәйкес кейінгі аукциондарға қайтадан қойылады.

### САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ МЕН МЕНШІК ҚҰҚЫН РЕСІМДЕУ

42. Сатушы мен Сатып алушы арасындағы Берешекті сатып алу-сату және талап қою құқын кідірту шарты жазбаша нысанда жасалады және ол шарт жасасудың негізі ретінде саудаластық нәтижелері туралы хаттамаға сүйенуге тиіс.

43. Сатушы мен Сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысады, бұл ретте алушы мына тәртіппен есеп айырысу жұмысын жүргізеді:

а) сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 5 банктік күнінен аспайтын мерзімде Берешекті сату бағасының кем дегенде 15 проценті

мөлшерінде аванстық төлем жасалады. Кепілдік жарна тиесілі алдын ала-төлемнің есебіне есептеледі;

б) қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей енгізілуге тиіс.

44. Түпкілікті төлем жасаудың мерзімі 5 банктік күннен асқан жағдайда Сатушының шартты бір жақты түрде бұзуға және Сатып алушыдан кепілдік жарнамен жабылмаған бөлігіндегі нақты шығындарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

45. Берешек толық төленгеннен кейін сатып алу-сату процедурасы Берешекті қабылдау-өткізу актісіне және Сатып алушының Берешекті талап ету, оған билік ету құқығына арналған сенімхатқа қол қоюмен аяқталады.

46. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен мәміле тіркелген сәттен бастап Сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша Берешекті талап ету және билік ету құқығын алады.

#### БЕРЕШЕКТЕРДІ САТУДАН АЛЫНҒАН ҚАРАЖАТ

47. Берешектерді сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің арнаулы шотына аударылады, сондай-ақ Сатушының аукциондарды ұйымдастыру, оларды өткізу жөніндегі шығыстары жабылады.

48. Аукцион өткізуге байланысты ақпараттық және жарнамалық материалдар мен кіру билеттерін сатудан алынған кірістер Сатушының билігінде қалады.